

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде**

**2022 – 2023 оку жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
мектепалды топ
Мамыр айы 2023жыл**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жұру, тепе-тендікті сақтау, жүгіру, еңбектеу, өрмелеу, секіру, лақтыру бойынша менгерген негізгі қимылдарды қайталау; - Сапта тұру, сап түзек, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Таныс дene жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>-Жыл бойы менгерген қол және иық белдеуіне, кеудеге, іштің бұлшық еттеріне, арқаға, аяққа арналған жаттығуларды ретімен еске түсіру, қайталап жасау.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>-Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру, спортпен айналысуға баулу;</p> <p>-Велосипед, самокат тебу.</p> <p>Спорттық ойындар. Жыл бойы үйренген спорттық ойындарды еске түсіру (баскетбол элементтері, футбол элементтері, бадминтон), қайталау.</p> <p>Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындар ойнату.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдары бар ортаны құру. Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін, мәдениетті тамақтануды үнемі есте ұстаяу.</p>
	Жүзу	
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеуде үнемі интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлеу әдебін білу. Интонация бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдану білуін одан әрі дамыту, алған білімдерін бекіту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуда. Сөздерді</p>

		<p>дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Шығармашылықпен сойлеу қызметі. Өзара байланысты, бірізді сюжет құрастыру дағдыларын одан әрі жетілдіру. Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруды қолдану.</p>
Көркем әдебиет		<ul style="list-style-type: none"> -Балалардың театр әлеміне қызығушылығын одан әрі арттырып, театр әлеміне үнемі баулу; -Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды бекіту; -Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбак шешуді үнемі қолдану; -Сахналық қойылымдарга қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті тандауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі бір образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
Саят ашу негіздері		<ul style="list-style-type: none"> -Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйретуді жалғастыру, бекіту; -Сөйлемді ауызша талдау, жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Қазақ тілі		<ul style="list-style-type: none"> -Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына үнемі қолдау көрсету, алған білімдерін бекіту; -тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушы және таза дикцияны дамытуды бекіту және қазақ тіліне тән (ә,ө,қ, ү,ұ, і,ғ,ң;h) дыбыстарын қайталап бекіту; -Шығарманы ролдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуғе баулады жалғастыру; -Шағын өлеңдер, тақпактар, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақтар шешу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.
Математика негіздері		<ul style="list-style-type: none"> -Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу; -Кеңістік, уақытты бағдарлау туралы өткенді қайталу, білімдерін бекіту; - 10 көлеміндегі сандарды, теңдік пен, теңсіздік шығаруды еске түсіру, қайталу, алған білімдерін бекіту; -Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру.
Құрастыру		<ul style="list-style-type: none"> -Құрылыс материалдарынан, конструктр бөлшектерінен құрастыруды бекіту; -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу дағдыларын одан әрі дамыту, бекіту; -Табиги (жұн, асық, ағаш, тері) және қалдық заттардан құрастыруға баулады жалғастыру; -Ойынға қажетті құрылышты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылышпен ойнауға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру		<ul style="list-style-type: none"> -Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту; -Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан

	<p>әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің – Қенес Одағының батырлары бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу;</p> <p>-Жол қозғалыс ережелері бойынша, «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол», жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру;</p> <p>-Арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>-Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырату, тану.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау; - Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру; -Бейнелеу әдістерін еске түсіру, қолдану, алған білімдерін бекіту; -Заттардың, кейіпкерлердің бейнесін өзіне тән ерекшеліктермен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстармен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастыруды жеткізе білуді бекіту.
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> -Сазбалышық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу, алған білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту; -Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру; - Мүсіндеген заттарын ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіруді, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдануды, олардың бетіне бедерлер жасауды үнемі жетілдіру.
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> -Жыл бойы менгерген жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін еске түсіру, қолдану, алған білімдерін бекіту ; -Сюжетті жапсыруда балалар өміріндегі оқығаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, тақырыпқа сәйкес бейнелерді құрастыра білу; -Қайши мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін үнемі есте сақтау.
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда классикалық, халықтық және заманауи музыканы салыстыру, ажыратса білу, музыка мәдениетін қалыптастыру; -Таныс әндерді еркін орындау, әннің аттарын , сөздері мен әуенін есте ұстай; -Музыканың ырғағына, сөзіне сәйкес ойдан би қимылдарын шығарып би билеу, би билеуде жеңіл әрі еркін қимылдау; -Балалар музыкалық аспаптарын, шулы аспаптарды, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарының ойналуын, үнін, атауын есте ұстай.